



@ILE_AKIMAT
@ILE_TANY



№51 (5161)

Алматы және Жетісу облыстық
қоғамдық-саяси апталық

19

желтоқсан (жұма)
декабря (пятница)

2025

жыл
год

Алматинская-Жетысуская областная
общественно-политический еженедельник

**2025 жылғы 18 желтоқсан күні
Өтеген батыр ауылында Іле ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты маңызды мәселелер талқыланған аудандық мәслихаттың тұрақты ко-**

аудан бюджетіне енгізілетін өзгерістер қаралды. 2025-2027 жылдарға арналған бюджеттік жоспарға түзетулер енгізу туралы шешім жобасы депутаттар тарапынан жан-жақты талқыланды. Экономикалық

сы, әлеуметтік қолдау, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бағытында жүйелі істер жүзеге асқаны айтылды. Баяндамада салық түсімдерінің орындалуы, бюджет қаражатының игерілуі, жол, жарық, санитария, абаттандыру, тұрғын үй және әлеуметтік нысандарға қатысты жұмыстарға ерекше тоқталды.

Сонымен қатар, округтегі халық санының өсуі, жер қатынастары, әлеуметтік көмек көрсетілген отбасылар саны, қоғамдық көлік мәселелері де назардан тыс қалмады. Депутаттар тарапынан қойылған сұрақтар нақты болды, ал жауаптар ашық әрі дәйекті берілді. Баяндама соңында жиынға қатысушылар ауыл әкімі сұрақ-жауап алмасты.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе – ауданның ауыл шаруашылығы саласының әлеуетін толық іске асыру және оны дамыту жолдары. Ауыл шаруашылығы – Іле ауданы экономикасының негізгі тіректерінің бірі. Сала басшысының баяндамасында 2025 жылдың он айындағы негізгі

дағы Мәдениет үйлерінің материалдық-техникалық базасы, олардың жұмыс сапасы, кадрлық қамтамасыз етілуі туралы мәселелер қаралды.

Мәдениет – тек рухани сала ғана емес, қоғамды біріктіретін маңызды фактор екені айтылып, ауылдық жерлердегі мәдени нысандарды жаңғырту, жөндеу және мазмұнды іс-шаралармен толықтыру қажеттігі баса айтылды. Депутаттар мәдениет үйлерінің тек концерт өткізетін орын емес, жастар тәрбиесінің, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің орталығына айналуы керектігін атап өтті. Бұл бағытта жергілікті атқарушы органдар мен мәдениет бөлімінің жұмысы жүйеленуі тиіс екені айтылды.

Сессия барысында көтерілген мәселелердің барлығы дерлік халықтың күнделікті тұрмысымен, өмір сапасымен тікелей байланысты.

Сондықтан талқылау тек ресми баяндама деңгейінде қалып қоймай, нақты ұсыныстар мен тапсырмалармен толықты. Комиссиялар тарапынан бірқатар ұсыныстар хат-

ЕЛ ДАМУЫ – АШЫҚ ТАЛҚЫЛАУДА



миссияларының бірлескен отырысы өтті.

Талқыланған сессия жұмысы аудан өміріндегі шешуші бағыттарды қамтып, жергілікті билік пен депутаттық корпусының, сала басшыларының жауапкершілігін айқындай түсті. Бірлескен отырысқа аудандық мәслихат депутаттары, аудан әкімдігінің өкілдері, ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары, қоғамдық кеңес мүшелері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Күн тәртібіне шығарылған мәселелердің мазмұны аудан бюджетінің орындалуынан бастап, ауыл шаруашылығы мен мәдениет саласының ахуалына дейінгі кең ауқымды қамтыды.

Отырыстың алғашқы бөлігінде

тұрақтылықты сақтау, әлеуметтік міндеттемелердің толық орындалуы, инфрақұрылымдық жобаларды уақтылы жүзеге асыру – бұл мәселе төңірегіндегі негізгі басымдықтар ретінде атап өтілді. Депутаттар бюджет қаражатының тиімді әрі ашық жұмсалыуына ерекше назар аударып, әрбір теңгенің халық игілігіне бағытталуы керектігін қадап айтты.

Сессия жұмысының маңызды бөлігі – Қараой ауылдық округі әкімінің халық пен мәслихат алдындағы есебі болды. Әкім өз баяндамасында округтің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштеріне тоқталып, жыл бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылады. Үш елді мекен мен ондаған саяжайды қамтитын округте инфрақұрылым, тұрғын үй құрылы-



БАСПАСӨЗ-2026

Алматы және Жетісу облыстық «Іле таңы» қоғамдық-саяси апталық газетіне 2026 жылға жазылу басталды. Біздің басылым бұрынғыдай аптасына бір рет, яғни жұма күні шығады.

Индекс 66143

Тікелей редакция арқылы балама түрде жазылуға болады:

	6 айға	12 айға
Занды тұлғалар үшін	3,200	6,400
Жалпы жеке жазылу үшін	2,750	5,500



55 жылдан аса тарихы бар «Іле таңы» газетімен бірге болып ауданымыздың тыныс-тіршілігінен тыс қалмаңыз!

көрсеткіштер, өндірілген өнім көлемі, егін және мал шаруашылығындағы ахуал, мемлекеттік қолдау тетіктері, инвестициялық жобалар туралы кеңінен сөз болды. Жиында агросектордағы оң өзгерістермен қатар, түйтілді мәселелер де ашық айтылды.

Атап айтқанда, техника паркін жаңарту, суару жүйелерін қайта жаңғырту, дизель отынының қолжетімділігі, өнімді сақтау және өткізу мәселелері депутаттардың назарында болды. Сонымен бірге, «Ауыл аманаты», «Кең дала» бағдарламаларының аудан тұрғындарына берген нақты мүмкіндіктері сөз болып, бұл бастамалардың алдағы уақытта да жалғасын табуы керектігі атап өтілді.

Сессия отырысы мәдениет саласының жай-күйін де назардан тыс қалдырмады. Аудан аумағын-

тамаға енгізіліп, тиісті бөлімдерге орындау үшін жолданды.

Жиын қорытындысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы бірқалыпты жүріп жатқаны, алайда шешімін күткен мәселелердің де бар екені ашық айтылды. Депутаттар атқарушы органдармен бірлесе отырып, бюджеттік тәртіпті сақтау, ауыл шаруашылығын қолдау, инфрақұрылымды дамыту және мәдениет саласын жандандыру бағытындағы жұмысты жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Бұл бірлескен отырыс – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі маңызды диалог алаңы. Мұнда сандар мен есептер ғана емес, елдің ертеңіне деген жауапкершілік, халық алдындағы адалдық пен ашықтық айқын сезілді.

Карима ДАУТҚАН